

3-СӨЖ

№ 1 тапсырма

Туынды зат есімдердің жасалуы

Имена существительные делятся на корневые, производные и сложные. Производные образуются при помощи суффиксов: 1) -шы/-ші; 2) -лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік; 3) -лас/-лес, -дас/-дес, -тас/-тес; 4) -ғар-гер, -қар/-кер; 5) -қыш/-ғыш, -кіш/-гіш; 6) -хана; 7) -ым/-ім; 8) -па/-пе, -ба/-бе, -ма/-ме; 9) -ыс/-іс; 10) -қы/-кі; 11) -ын/-ін; 12) -паз.

-шы/-ші образует имена существительные, обозначающие профессию человека	Жазу «писать» Етік «сапог» Балық «рыба»	<i>Жазу-шы «писатель»</i> <i>Етік-ші «сапожник»</i> <i>Балық-шы «рыбак»</i>
-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік образует существительные, обозначающие отвлеченные понятия	Оқу «учиться» Дос «друг» Батыр «герой»	<i>Оқу-лық «учебник»</i> <i>Дос-тық «дружба»</i> <i>Батыр-лық «геройство»</i>
-лас/-лес, -дас/-дес, -тас/-тес образует существительные, обозначающие совместное действие	Жер «земля» Курс Ат «имя»	<i>Жер-лес «земляк»</i> <i>Курс-тас «однокурсник»</i> <i>Ат-тас «тезка»</i>
-ғар-гер, -қар/-кер образует существительные, обозначающие совместное местонахождение или совместное действие	Қызмет «служба» Іс «дело» Заң «закон» Дәрі «лекарство»	<i>Қызмет-кер «служащий»</i> <i>Іс-кер «бизнесмен»</i> <i>Заң-гер «юрист»</i> <i>Дәрі-гер «врач»</i>

Сложные существительные образуются путем сочетания двух или нескольких корней в одном слове. Они могут быть составными и парными:

Составные имена существительные	
Непроизводные основы	Производные имена существительные
Қол «рука» + жазба «письменный»	Қолжазба «рукопись»
Бел «талия» + бау «веревка»	Белбеу «пояс»

Парные имена существительные	
Непроизводные основы	Производные имена существительные
Қыз «девушка» + келіншек «молодуха»	Қыз-келіншек «молодые женщины»
әке «отец» + шеше «мать»	әке-шеше «родители»

Лексикалық тақырып: Мамандық

Өмірде мамандықтың түрі өте көп. Жаксы маман болу үшін еңбек ету керек. Инженер, дәрігер, мұғалім, жазушы, тілші, суретші, ұшқыш, қаржыгер болу үшін оқу керек. Жұмысшы, металлург, жүргізуші, құрылысшы, тігінші және т.б. өндірісте істейді. Бақташы, егінші, мал дәрігері, сауыншы ауылда жұмыс жасайды. Ал аяқ киім жөндеуші, сатушы, шаштараз, зергер қызмет көрсету саласында істейді. Өнер саласына жататын мамандықтар: әнші, биші, күйші, режиссер, т.б.

Сіздің мамандығыңыз қандай? Мамандығыңыз қай салада? Өзіңіздің салаңызда жаксы маман болу үшін не істеу керек?

Сөздік

мамандық – профессия, специальность

түр – вид

маман – специалист

еңбек ету – трудиться

өндіріс – производство

қызмет көрсету – обслуживание

сала – сфера, область

Тапсырмалар:

1. Мәтінді оқып, аудырыңыз.
2. Мәтіннен туынды зат есімдерді жазып алып, жасалу жолын көрсетіңіз.
3. Диалогты толықтырыңыз.

о Мен Қарағанды мемлекеттік индустриалдық университетте «Қара және түсті металдар металлургиясы» мамандығында оқимын. Сен ше ?

о _____

о Біз агломерат, шойын, болат, ферроқорытпа, түсті металдар, қорғасын, мырыш және т.б. өндіріс технологиясын оқимыз. Сендер ше?

о _____

о Мен университетті бітірген соң ҚР кәсіпорындарында «MITTAL STEEL TEMIPTAY» өндірісінде болат балқыту, пештен тыс өңдеу, үздіксіз құю, домна цехына жұмысқа орналасу мүмкіндігім бар. Ал, сен қайда жұмыс істейсің?

о _____

о Өндірістік тәжірибеден «MITTAL STEEL TEMIPTAY» цехтарында өттім.

о Ал сен ше ? _____

4. «Мамандығым – мақтанышым» деген тақырыпта шығарма жазыңыз.

Жоспар:

1. Мен ұнататын мамандық.
2. Ол мамандықтың ерекшелігі.
3. Ол мамандықты қалау себебім.
4. Сол мамандықта еңбек етіп жүрген ардагерлер.
5. Өз мақсатыма жету үшін алдағы жоспарым мен ойларым

